



Автор: Алипакарина Динара Казибайқызы
Пән: География
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Географиялық зерттеу әдістері
Тақырып: Географиялық дерек көздері

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.1.3. – географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар.
Сабақтың мақсаты	Барлығы: географиялық дереккөздері арқылы карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар бейне фильмді түсінеді, ажырата алады. Көпшілігі: географиялық дереккөздерімен жұмыс жасай алады. Кейбіреулері: географиялық дереккөздерінің адам өміріндегі, мамандықтардағы маңыздылығын түсіндіре алады.
Бағалау критерийі	Географиялық дерек көздерінің түрлерін айтады. Географиялық дерек көздерінің бір-бірінен ерекшелегін ажыратады. Географиялық дерек көздерінің адам өміріндегі, мамандықтарға маңыздылығын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар	Оқылым: Берілген мәтінді түсініп оқиды. Жазылым: Анықтамалар мен ұғымдарды жазады. Тыңдалым: Мұғалімнің мазмұндауын, оқушылар бірін-бірі және бейне материалды тыңдайды. Айтылым: Орындаған тапсырмаларын сыныптастары алдында мазмұндау барысында өз ойларын жеткізеді. Пәндік лексика және терминалогия: карта, атлас, сурет, мәтін, аэрофотосуреттер, деректі фильм, экспедиция, геолог, табиғат жайлы фильмдер, фотоальбомдар. Диалогқа қажетті сөз тіркестер: Аэрофотосуреттер, ғарыштық суреттер дегеніміз Аэрофотосуреттер, ғарыштық суреттер, карта және бейне фильмдердің ерекшелігі..... Географиялық дерек көздерге кіреді
Құндылықтарға баулу	Өз бетінше жұмыс жасайды; өз ойларын ашық түрде жеткізеді; Берілген тапсырманы ізденіспен тиянақты орындайды; Қорытынды жасап, өзара баға береді.
Пәнаралық байланыс	Бейнелеу өнері: суреттер көрсетіледі Тарих: бейне материалдан тыңдалады
Алдыңғы білім	Географиялық картаны жіктей алады, оқи алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (8 минут)	Сәлемдесіп, сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру «Жылы жүрек-ізгілік тірегі» (тілек айту) Оқушылар «мозайка» әдісі арқылы 2 топқа бөлінеді (глобус және карта). Суретіне байланысты бірігеді, топ ережесін шығарады. «Телефон» әдісі арқылы үй тапсырмасын оқушылар бір-бірлерінен сұрайды. "Екі жұлдыз, бір тілек"әдісі арқылы өзара бағалау. 1-жұлдыз: саяхатшылар мен зерттеушілерді атап беру 2-жұлдыз: саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымына қосқан үлестерін сипаттау Тілек: жақсартуға бағытталғын ұсыныс	Интербелсенді тақта Жүрекшелер Глобус пен картаның суреттерін қима арқылы біріктіру. Телефондар 2 жұлдыз, 1 тілек суреті

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	<p>Оқушыларға ой түрткі ретінде жұмбақ шешу ұсынылады.</p> <p>1. Жерді көрдім қаласы бар Үйлері жоқ мекендейтін. Көлді көрдім, өзен көрдім Сулары жоқ терең дейтін (карта)</p> <p>2. Доп сынды келбеті, Онда бар түп-түгел Әлемнің әлпеті Бұл не? (глобус)</p> <p>Оқушылар сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, жетістік критерийлерімен, жоспарымен танысады. Тапсырма: Оқулықтағы мәтінмен танысады, «Түртіп алу» әдісі арқылы терминдерге шолу жасайды, мағынасын түсінеді. 1-қадам: (Ж) "V"- маған таныс "+"- мен үшін жаңа "-" - мен білетін түсінікке сәйкес келмейді "?"- бұл туралы тереңірек білгім келеді Аэрофотосурет - ұшақтан немесе басқа ұшатын аппараттан алынған жергілікті жердің суретке түсірілген бейнесі. Ұшақтан түсірілген сурет Ғарыштық сурет</p> <p>«Әлемдегі таңғажайып жерлер» атты бейне ролик көрсету арқылы оқушылар аэрофотосурет, карта, ғарыштық фотосуреттерді, бейне фильмді анықтайды. Дескриптор: Географиялық дерек көздерінің түрлерін біледі. "Бағдаршам" арқылы өзара бағалау</p> <p>2-қадам. (ТЖ) "Венн диаграммасы" 1топ. «Ұшақтан түсірілген және ғарыштан түсірілген суреттен қандай ерекшелік байқадыңдар?» 2топ. «карта және бейнефильмнің ерекшеліктері қандай?» Дескриптор: Географиялық дерек көздерінің бір-бірінен ерекшелігін ажырата алады. Қалыптастырушы бағалау: Оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалаймын.</p> <p>3-қадам.(Ж) 1 топ. Географиялық дерек көздерінің агроном мамандығына маңыздылығы. 2 топ. Географиялық дерек көздерінің геолог мамандығына маңыздылығы Дескриптор: географиялық дерек көздерінің адам өміріндегі маңыздылығын түсінеді. Агроном мен геолог мамандықтарында географиялық дерек көздердің қажеттілігін біледі. Қалыптастырушы бағалау: Оқушыларды смайликтер арқылы бағалаймын.</p>	<p>Интербелсенді тақта слайд</p> <p>География 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы «Атамұра»-2017 14-15 бет</p> <p>Бейне материал https://www.youtube.com/watch?v=FxImv9R7BY0</p> <p>Венн диаграммасының суреті</p> <p>«Бас бармақ» суреттері</p> <p>Дәптер</p> <p>Смайликтермен бағалау</p>
Сабақтың соңы (12 минут)	<p>«Үш жақты түсіндірме күнделік» әдісі. (Не ұнады? Не таң қалдырды? Сұрақ.) Оқушылар бүгінгі сабақта не ұнағанын, не таң қалдырғанын және бір сұрақ қояды оқушыларға немесе мұғалімге.</p> <p>Бағалау: «Баспалдақ» әдісі бойынша оқушылар, өз смайликтеріне бүгінгі сабақта алған әсерлері мен көңіл-күйін жазып, қай сатыда тұрғанын баспалдаққа жабыстыру арқылы көрсетеді.</p>	<p>интербелсенді тақта слайд</p> <p>Баспалдақ суреті, Стикер Смайликтер</p>